ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШАХТИНСК ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«САНЖАР АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
ИМЕНИ САНЖАРА АСФЕНДИЯРОВА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШАХТИНСКА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2025 жыл 14 тамыз № 61 н/к

Шахтинск қаласы город Шахтинск

**Міндетті мектеп формасына**
**талаптарды бекіту туралы**

«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талапатарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 14.02.2016 жылғы № 26 бұйрығына сәйкес , Қарағанды облысының экономика басқармасымен 11.06.2024 жылы бекітілген Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ жарғысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Санжар Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ оқушыларының бірңғай мектеп формасын міндеттілігі және мектеп формасының талапқа сай стилі бекітілсін:

1.1. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізілсін.

Ұлдардың мектеп формасы:

Мектеп формасының түсі: қара көк. Пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. Аяқ киім классикалық үлгіде болуы міндетті.

Қыздардың мектеп формасы:

Мектеп формасының түсі: қара көк. Пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. Юбка ұзындығы тізе

деңгейінде болуы кажет. Тізеден тым жоғары (қысқа) не болмаса тізеден түсетін (ұзын) юбка мектеп формасының талабына сай емес.
Аяқ киім классикалық үлгіде болуы міндетті. Туфли болса өкшесінің биіктігі 2-3 см аспауы тиіс.

Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады.

1.2. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.
1.3. Мектеп формасына орта білім беру ұйымының ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер, шеврон және т.б) орналастыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады.
1.4. Ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді.
2. Ата-аналар Жарғыға сай мектеп формасының стилімен ақпаратты түрде және келісім шарт арқылы таныстырылсын.
3. Мектеп формасын кию және оны киюдің талаптары мен стилі туралы оқушылар мен ата-аналарға тұрақты түрде ақпарат берілсін.
4. Аталған бұйрықтың орындалуына жауаптылық директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.О.Біржікенге жүктелсін.

**Директор** **А.М.Есмаганбетов**